10. Автожолдарда ерекше мұқият болған жөн. Автомобильдер мен мотоциклдерге қарағанда велосипедшілер жолда көзге түсе бермейтінін ұмытуға болмайды. Габаритті дабыл белгілерін, қоңырауларды және арнайы жарық шағылыстыратын жолақтары бар велосипед киімін кию жолдағы қауіпті жағдайды төмендетеді. Сондай-ақ, велосипедті кез-келген уақытта тоқтата алуды үйрену керек.
11. Жылжымалы және жылжымайтын нысанға дейін тоқтауға қажетті қашықтықты үнемі сақтаңыз. Қажетті тежеу жолы мен жол жағдайымен бірге тежеу күшін салыстырыңыз.
12. Рульді қолмен ұстамай велосипедті тебуге болмайды. Жолдың шағын кедір-бұдыры кезінде велосипедті басқаруды жоғалтудың алдын алуға көмектесетін грипстерді (рульдегі тұтқалар) пайдаланған дұрыс.
13. Рульден еркін түрде салбырап тұратын заттарды пайдаланудан аулақ болған жөн. Олар шабақтарға ілініп қалуы немесе рульдің айналып кетуін тудыруы мүмкін.
14. Бірнеше велосипедтер бір-бірден колоннамен жүруі керек.
15. Қозғалыс үйлесімін бұзатын немесе реакция жылдамдығына әсер ететін медиуаменттерді пайдаланғаннан кейін велосипедті тебуге болмайды.
16. Қозғалыс ережесін сақтай отырып, аса мұқият болуы керек, себебі, жол қозғалысының барлық қатысушылары үлкен тәжірибеге ие болмаулары және велосипедтің қозғалыс ережесін жақсы білмеуі мүмкін.

### Жаңбырлы (ылғалды) ауа-райы кезіндегі тебу

Жаңбыр астында, сондай-ақ, ішінара немесе толықтай велосипедтің суға малтыққанынан кейін велосипедке отырмауға тырысыңыз. Ылғал сіздің велосипедіңіздің компоненттеріңіздің қызмет мерзімін, ресурсын қатты қысқартуы, тіпті қатардан шығаруы да мүмкін.

Жаңбырлы (ылғалды) ауа-райында тежеуіштер тиімділігі құрғақ ауа-райымен салыстырғанда азаяды, сондықтан, Сіз тежеу жолын арттыруды назарға алуыңыз керек. Ылғалды ауа-райы жағдайында көру мүмкіндігі мен жолмен тұтасу төмендейтінін ұмытпау керек. Сырғымалы беттерде бұрылыс кезінде жылдамдықты азайту керек.

*Мойынтіректерге ылғал түіп кетпудің қадағалаңыз!*

Оларға ылғал түсуі таттанудың пайда болуына әкеліп, мойынтіректерді істен шығарады. Егер ылғал түскен болса, велошеберханаға барыңыз.



## Қараңғы кезде және түнде тебу

Түнде немесе көру шектеу жағдайында велосипед тебу аса қауіпті

Сіздің велосипедіңіз жарыққайтарғымен жабдықталған. Жарыққайтарғылар таза және дұрыс орнатылуы керек. Жарыққайтарғылар Сізге дұрыс көруге көмектеспейтінін немесе толық қараңғыда көріне қоймайтынын есіңізден шығармаңыз. Түнде алдыңғы фара мен артқы фараны пайдаланыңыз. Түнде жақсы көріну үшін жарыққа шағылысатын жолақтары бар ашық түсті киім киген дұрыс.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Кез-келген механикалық құрылғы сияқты, әрбір велосипед пен оған орнатылған тетіктер пайдалану мен жүктемеге байланысты болатын пайдаланудың шектеулі мерзіміне ие, сондай-ақ, бұл пайдаланылатын материалдар мен қызмет көрсету мерзіміне, конструкциясына да байланысты.

Сіздің велосипедіңіз секіруге, трюктерді орындауға, тік жартасты таулардан түсуге немесе тебудің басқа да экстремалды түрлеріне арналмаған. Велосипедті дұрыс пайдаланбағаннан болатын ақаулар велосипедті кепілді мерзімнен алып тастауға негіз болады.

Құлау – велосипедке және оның компоненттеріне ауыр жүктеме тудырады. Жоғарғы жүктеме әсерінен рамалары немесе компоненттері олардың күтпеген бұзылуын тудыратын мерзімінен бұрын шаршауға әкеледі. Мұндай ақау басқаруды жоғалтуға әкелуі мүмкін. Ал, оның салдарынан күрделі жарақат алуға болады, тіпті қайғылы оқиғаға да ұшырауға болады.

Велосипедіңіздегі артық жүктеме іздерін жиі тексеріп отырыңыз. Сырылулар, сызаттар, майырылулар, деформациялар немесе бояудың қатпарлануы жүктеме тудыратын шаршау белгілері болып табылады. Жеңіл рамалар мен компоненттер ауырларына қарағанда ұзақ қызмет мерзіміне ие екеніне қарамастан, мұндай велосипедтер және компоненттері мұқият және жиі тексеріп отыруды талап етеді.

## ВЕЛОСИПЕДТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



1-СУРЕТ

- |                       |  |
|-----------------------|--|
| 1. Рама               | 13. Теткілер                             |
| 2. Руль               | 14. Шынжыр                               |
| 3. Руль шығарымы      | 15. Сылдырлақ                            |
| 4. Орындық            | 16. Артқы жылдамдықты ауыстырып-қосқыш   |
| 5. Орындықасты саусақ | 17. Алдыңғы жылдамдықты ауыстырып-қосқыш |
| 6. Рулдік колонка     | 18. Алдыңғы доңғалақ тежегіші            |
| 7. Айыр               | 19. Артқы доңғалақ тежегіші              |
| 8. Алдыңғы төлке      | 20. Алдыңғы доңғалақ қанаты              |
| 9. Құрсау             | 21. Артқы доңғалақ қанаты                |
| 10. Велоқап           | 22. Бүйір таянышы                        |
| 11. Шабақтар          | 23. Жарыққайтарғы                        |
| 12. Бұлғақтар жүйесі  | 24. Жүк салғыш                           |

## ВЕЛОСИПЕДКЕ КҮТІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстары сәйкес құралдарды пайдалана отырып, осы үшін арнайы тағайындалған, білікті механик мамандары бар шеберханаларда жүргізілуі керек.

*Техникалық қызмет көрсету мерзімі.*



Әрбір жолға шығу алдында	Доңғалақтардың, бұлғақтардың, тепкілердің сенімділігін тексеріңіз. Шиналардағы қысымды тексеріңіз (қысым резеңкениң бүйір бетіндегі таңбалауға сәйкес болуы керек). Доңғалақ тыстарының тозуын тексеріңіз, қажет болған боса – алмастырыңыз. Тежеу жүйесі мен берілістерд ауыстырып-қосу жүйесін тексеріңіз.
Әр апта сайын	Велосипедті жұмсақ матамен сүртіңіз. Шабақтарының керілулерін тексеріңіз. Амортизациялық айырлардың сояуыштарын майлаңыз. Амортизациялық айырлардың бұрандаларының тартуларын тексеріңіз.
Әр ай сайын	Сымарқандарын, шынжырларын индустриалдық маймен майлаңыз, артық майды шүберекпен сүртіп тастаңыз. Барлық бекіткіш жалғаулар мен эксцентрлі қысқыштарды. Ауыстырып-қосқыштардың жұмысын тексеріңіз. Тежеу кісендерін тексеріңіз және қажет болған болса тозғандарын алмастырыңыз.
Әр үш ай сайын	Тежеу тұтқаларының жылжымалы жалғауларын тексеріңіз және майлаңыз. Тепкіштері мен бұлғақтарын тексеріңіз. Жарыққайтарғыларын тексеріңіз.
Әр жыл сайын	Күймешенің, рульдік бағананың мойынтіректерінің майын алмастырыңыз. Доңғалақ төлкелерін, жалғағыш саусақты, тартпа құбыры мен руль бағанасының жалғанған орындарындағы руль шығарылымдарын, амортизациялық айырды майлаңыз.



2-сурет.

1. Жалғағыш саусақ
2. Орындық астындағы құбыр қысқышы
3. Шектеу белгісі

### Назар аударыңыз!

Орындықты қандай жағдайда да шектеу белгісінен жоғары орнатпаңыз. Бұл ережені сақтамау велосипедтің бұзылуына және жарақатқа әкелуі мүмкін.

### Рульді орнату

Руль орыдықтан сәл төмен немесе бір деңгейде болуы дұрыс деп саналады.

### Назар аударыңыз!

Шекті белгіден жоғары рульді орнатпаңыз, бұл құлауға және жарақатқа алып келуі мүмкін. Рульді орнату арнайы білім мен дағдыны қажет етеді. Шебер өзі бәрін орнатып беретін және өзіңізге кеңес беретін мамандандырылған шеберханаға барыңыз.

### Ескерту:

Велосипедтердің бірқатар модельдеріне тасымалдау мен қаптаудың ыңғайлылығы үшін айыр құбырына технологиялық картон төлке орнатылған. Рульді орнатар алдында оны алып тастау керек.



Рульдің дұрыс қалыбы



Рульдің дұрыс емес қалыбы

## ВЕЛОСИПЕДТІ БЕЙІМДЕУ

### Орындығы мен отырғыш саусағын.


Велосипедші отырған кезде төменгі қалыпта тұрған тепкіге созылған аяғының өкшесімен тірелген кезде дұрыс болып саналады.

Орындық биіктігін бейімдеу үшін орындық құбырының қысу бұрандасын немесе эксцентрікті сәл босату керек, отырғыш саусағының биіктігін өзгертіп, қысқышты қайтадан бекіту керек.

Орындық рамаға қатысты бұралып кетпеуі үшін жалғағыш саусағын тартыңыз.



3-сурет.




4-сурет.

1. Рульдік бағана
2. Технологиялық картон төлке
3. Рульдік бағана қапшағы

### Тартпа механизмдері: тепкілер, бұлғақтар, шынжыр, сылдырлақ, жұлдызша.

Тартпа – артқы жоңғалақ қозғалысына велосипедшінің күшін қайта түрлендіретін компоненттер тобы. Тартпа келесі компоненттерден тұрады: тепкілер, бұлғақтар, қосқыш оң және сол бұлғақтар, жұлдыздар жиынтығы, күймеше, жынжыр, сылдырлақ.



5-сурет.

1. Тепкілер
2. Бұлғақтар
3. Шынжыр
4. Жылдамдықты артқы ауыстырып-қосқыш
5. Сылдырлақ

### Бұлғақтар мен тепкілер.

Бұлғақтардағы тепкілер сенімді түрде тартылған болуы керек. Тепкілер әр түрлі бұрандаға ие екеніне назар аударыңыз. Оң жақ тепкіде оң жақ бұранда мен өзегінде «R» белгісі бар; сол жақ тепкіде – сол жақ бұранда мен «L» белгісі бар. Оң жақ тепкінің осі сағат тілі бойынша, ал, сол жақ тепкі – сағат тіліне қарсы айналады.

### Назар аударыңыз!

Әрбір жолға шығар алдында күймеше осіне бұлғақтардың беку сенімділігі тексеріңіз! Тартылмаған бұлғақтар сынуға әкеледі.

### Шынжыр.


Ай сайын шынжырлардың жағдайын тексеріңіз. Шынжыр таза, тот баспаған және майланған болуы керек. Ай сайын шынжырдың жағдайын тексеріңіз. Шынжырдың тізбектері деформацияланбаған болуы және сықырламастан, жұмсақ қозғалуы керек.

### Жылдамдықтарды ауыстырып-қосу жүйесі.

Жылдамдықтардың көлемінің көп болуы велосипед тебудің әр түрлі жағдайлары кезінде минималды күш жұмсау арқылы максималды қарқынды қамтамасыз ететін жылдамдықты таңдау үшін қажет.

Велосипедтер үшін бірінші жылдамдық ең төменгі (көтерілу үшін қолайлы болады) болып табылады. Бірінші (төменгі) жылдамдық ең кіші аз жетекші жұлдызша мен ең үлкен жетекші жұлдызда шынжырлар қалыбына сәйкес келеді.

Жоғарғы жылдамдық түсу үшін қолайлы болады. Жоғарғы жылдамдыққа ең үлкен жетекші жұлдыздағы және ең кіші жетекші жұлдыздағы шынжырлардың қалыбы сәйкес келеді.



### Назар аударыңыз!

Жылдамдықтарды тепкілерді айналдыру кезінде, жүріп бара жатқан кезде ауыстырып-қосу керек! Тепкілерді артқа айналдырып тұрған кезде жылдамдықты ешқашан ауыстырып-қоспаңыз. Ауыстырып-қосу кезінде тепкілерге күшті азайтыңыз. Бір ғана қозғалыс арқылы ең төменгі жылдамдықтан ең жоғарғы жылдамдыққа ауыстырып-қоспаңыз. Бұл жылдамдықты ауыстырып-қосқыштың зақымдалуына, тіпті шынжырдың үзіліп кетуіне әкелуі мүмкін.

Қарама-қайшы жұлдызшалар пайдаланылатын шынжыр қалыбын қолданбаңыз. Бұл шынжырдың артық қиғаштануына, ол оның жылдам тозуына әкеледі. Сондай-ақ, жұлдызшалар тез тозуға ұшырайды.

Жылдамдықтарды ауыстырып-қосу механизмдерін бейімдеу үшін мамандандырылған шеберханаға барыңыз.




### Шифтерлер.

Шифтерлер деп велосипед рулінен тікелей жылдамдықты ауыстыруға мүмкіндік беретін құрылғыны айтады.


Сол жақ шифтер жылдамдықтардың алдыңғы ауыстырып-қосқышты, оң жақтағысы - артқы ауыстырып-қосқышты басқарады. Оларды бір уақытта пайдаланбаңыз.

Phoenix велосипедтерінде екі түрдегі шифтерлер пайдаланылады. Бірінші түрдегі шифтерлерде жылдамдықтарды ауыстырып-қосу шифтер тұтқасын өзінің осі айналасында айналдыру арқылы жүзеге асырылады. Екінші типтегі шифтерлерде - жылдамдықты ауыстырып-қосудың сәйкес иініректерін басу арқылы жүзеге асырылады.



7-сурет


1. Руль
2. Шифтер
3. Рульдің тұтқасы
4. Тежегіш тұтқасы
5. Сомын –тежегіш керілісін реттегіш
6. Жылдамдық қалыбының индикаторы



8-сурет

1. Руль
2. Шифтер
3. Рульдің тұтқасы
4. Тежегіш иінірегі
5. Жылдамдықты арттыру иінірегі
6. Жылдамдықты төмендету иінірегі
7. Сомын – арқан керілісін реттегіш
8. Жылдамдық қалыбының индикаторы

### Жылдамдықтарды ауыстырып-қосқыштарды реттеу.



9-сурет.

1. Жылдамдықтарды алдыңғы жағынан ауыстырып-қосу рамкасы
2. Раманың орындық асты құбырына асыстырып-қосқышты бекіткіш.
3. Арқанды бекіту сомыны.
- 4,5 – Реттегіш бұрандалар.

### Жылдамдықтарды алдыңғы жағынан ауыстырып-қосқыш.

Жылдамдықтарды алдыңғы жағынан ауыстырып-қосқыш алдыңғы жұлдызшалар (жетекші) бойынша жылжыту үшін пайдаланылады.

Алдыңғы жағынан ауыстырып-қосқыштың төменгі шекарасын баптау үшін шынжырды ең үлкен жетекші жұлдызшаға және бұлғақтардың ең кіші жұлдызшасына орналастыру керек.

Ауыстырып-қосқыштың рамкасының ішкі беті шынжырдан шамамен 0,5 мм қашықтықта болатындай етіп, ауыстырып-қосқыш жиектемесі (әдетте ол «L» әрпімен белгіленеді) қалыбының төменгі шекарасының реттегіш бұрандасын бұраңыз. Содан кейін, бұлғақтардың ең кіші жұлдызшасына сәйкес келетін қалыпта шифтерді ауыстырып-қосып, сағат тілі бойынша шифтердегі арқан керілісін реттегішті-сомынды бұраңыз, арқанды тартыңыз және арқасынды қысатын сомынды бұраңыз.


Алдыңғы жақтағы ауыстырып-қосқыштың жоғарғы шекарасын баптау үшін оң жақ шифтер көмегімен жылдамдықты артқы жағынан ауыстырып-қосқышты ең кіші жетекші жұлдызша қалыбына келтіру керек. Жоғарғы шекараның (әдетте ол «H» әрпімен таңбаланады) реттегіш бұрандасын сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз, реттегіш бұранданың айналысына ол да қосы әрекеттесетіндей болып, ауыстырып-қосқыш рамкасының қалыбына дейін жеткізіңіз.

Содан кейін тепкіні қолмен айналдыра отырып, шифтерді бұлғақтарды ең үлкен жұлдызшасының қалыбына ауыстырып-қосыңыз. H реттегіш бұрандасын сағат тілі бойынша бұрай отырып, жиектемесінің сыртқы жағының ішкі беті мен шынжыр арасындағы арақашықтық шамамен 0,5 мм болатындай етіп, жиектеме қалыбына жеткізіңіз.



### Жылдамдықтарды арт жағынан ауыстырып-қосқыштар.

Жылдамдықтарды арт жағынан ауыстырып-қосқыштар шынжырды зырылдауықтың артқы жұлдызшалары бойынша жылжыту үшін пайдаланылады.



10-сурет.

1. Арқанды бекіту сомыны.
2. Сомын – арқан керілісін реттегіш.
- 3,4 – Реттегіш бұрандалар.

Жылдамдықтарды арт жағынан ауыстырып-қосқыштың жоғарғы шекараларын баптау үшін шынжыр бұлғақтардың ең үлкен жұлдызшасында және зырылдақтың ең кішкентай жұлдызшасында орналасуы керек.

Артқы ауыстырып-қосқыштың арқанын қысып тұратын сомынды босатыңыз. Ауыстырып-қосқыштың жоғарғы шекарасының реттегіш бұрандасының («Н» таңбалауы) айналысымен ауыстырып-қосқыштың роликтері, кішкентай жұлдызша шынжыры және зырылдақтың кішкентай жұлдызшасы бір арнада болуына қол жеткізіңіз.

Оң жақ шифтерді зырылдақтың кішкентай жұлдызшасына сәйкес келетін қалыпқа ауыстырып-қосып, шифтер корпусындағы арқан керілісін террегіш – сомынның соңына дейін тартыңыз. Жылдамдықтарды артқы ауыстырып-қосқышындағы арқан керілісінің реттегіші-сомынды сағат тілі бойынша тірелгенге дейін бұраңыз, содан кейін бір айналысқа дейін қайырып бұраңыз. Күш салып арқанды тартыңыз, оны кертпеге орнатыңыз және бекіткіш сомынды тартыңыз.

Жылдамдықтарды артқы ауыстырып-қосқышының төменгі шекарасын баптау үшін сағат тіліне қарсы «L» таңабалуы бар реттегіш бұранданы бұраңыз, бұранданың айналысы ауыстырып-қосқыштың жылжуына әсер етпейтін жағдайға қол жеткізіңіз. Шифтерлердің көмегі арқылы тепкіні айналдыра отырып, шынжыр бұлғақтардың ең кіші жұлдызшасында және зырылдақтың ең үлкен жұлдызшасында болатын қалыпқа ауыстырып-қосыңыз. Реттегіш бұранданың көмегімен сағат тілі бойынша жылдамдықтарды артқы ауыстырып-қосқышының роликтері, шынжыр және зырылдақтың үлкен жұлдызшасы бір деңгейде болатын жағдайға қол жеткізіңіз.

Жылдамдықты ауыстырып-қосқыштарды реттегіш арқан керілісін реттегіш-сомын көмегі арқылы жылдамдықтарды ауыстырып-қосқыштардың арқанын тарту жолымен жүргізіледі. Ол жылдамдықтарды алдынан

ауыстырып-қосуға арналған рупьдегі шифтер мен арқанның жалғанған жерінде болады.

Жылдамдықтарды алдынан ауыстырып-қосқышта бірінші жылдамдықты орнатыңыз. Тепкілерді айналдыра отырып, бірізді түрде артқы ауыстырып-қосқышты 1-ден 7-ге дейін «жүгіртіп шығыңыз». Егер шынжыр жұлдызшадан шығып кетпейтін болса, бәрі дұрыс бапталғаны, ал, егер керісінше болса, онда арқан керілісін реттегіш-сомынды тағы бұрау керек немесе босату керек.

Одан әрі адыңғы ауыстырып-қосқышта екінші жылдамдықты орнатып (одан кейін үшіншіні), жоғарыда келтірілген сызба бойынша баптауды жүргізіңіз.



### Тежеуіш жүйесі

11-сурет.

1. Артқы тежегіш.
2. Алдыңғы тежегіш.

Тежегіш жүйесі велосипедтің жылдамдығын бақылауға мүмкіндік береді. Тежегіш жүйесі сәйкес құралсыз және дағдысыз дұрыс бапталмайды. Егер тежегіш жүйесі баптауының дұрыстығына сенімсіз болсаңыз немесе қандай да бір ықтимал проблемаларға күдік келтірсеңіз, велосипедті пайдаланбаңыз. Мамандандырылған шеберханаға барыңыз.

### Назар аударыңыз!

Тежегіш қалыптарының беті мен доңғалақтың құрсаулары үнемі таза болуына және майлау құралдарымен жанаспауына мән беріңіз.

### Тежегіш жүйесін келтіру.

Тежегіш қалыптарын келтіру қалыпты айқыш бұрағышты пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Арқанды келтіру алты қырлы кілтпен жүзеге асырылады. Тежегіштердің дұрыс бапталғандығының негізгі критерийлері –



тежегіш қалыптарының бір уақытта қысылуы. Қысу қаттылығы велосипедшінің қалауы бойынша келтіріледі.

### Дискілік тежегіштер

Сіздің велосипедіңізде екі түрлі дискілік тежегіштер орнатылуы мүмкін: механикалық және гидравликалық тарпа. Дискілік тежегіштердің жүйесі келесі элементтерден тұрады:

- доңғалақ төлкесіне бекітілген тежегіш дискіден,
- калиперден (дискіге қалыптардың келтірілуін қамтамасыз ететін механизмнен),
- арқан немесе гидрожелісі бар тежегіш тұтқасынан.

### Дискілік тежегіштерді орнату.

Орнату 1 және 2 бұрандалары арқылы айыр келтірілуіне жүргізіледі (12-сурет).



12-сурет. 1,2 орнату бұрандалары

13-сурет. Реттеу бұрандалары

14-сурет. Реттеу бұрандасы

### Дискілік тежегіштерді реттеу.

Механикалық тартпасы бар дискілік тежегіштерді реттеу.

- 13-суретте көрсетілген дискілік тежегіштер жүйесі үшін: 1 және 2 бұрандалардың көмегі арқылы дискілер мен тежегіш қалыбы арасында минималды саңылау қалдырыңыз.
- 14-суретте келтірілген дискілік тежегіштер жүйесі үшін: 1 серіппемен қамтылған бұранданың көмегі арқылы дискі мен тежегіш қалыбы арасында минималды саңылау қалдырыңыз.

Реттеп болғаннан кейін диск қалыпқа қатысты центрленгеніне көзіңізді жеткізе отырып, доңғалақты баяу айналдырыңыз, бұл ретте бөлшектердің ешқайсысы да бір біріне қажалмауы керек. Қалыптары дискіге қатысты дұрыс қалыпқа келуі үшін тежегішті 2-3 рет басыңыз.

### Дискілік тежегіштерге техникалық қызмет көрсету.

Дискіні, тежегіш қалыптарын, калипердің барлық қозғалатын бөліктерін мұқият сүртіңіз. Тазалау кезінде таза шүберекті немесе шағын шөткені

пайдаланыңыз. Тежегіш қалыптарының жұмыс беттерін қолыңызбен ұстамаңыз, себебі, бұл қалыптардың тежеу қасиеттерін нашарлатуы мүмкін.

### Назар аударыңыз!

Дискілерді тазалау үшін изопропил спирті пайдалауға кеңес беріледі. Басқа өріткіштерді пайдалану пайдаланушы үшін қауіп тудыруы мүмкін.

### Назар аударыңыз!

Тежеуден кейін дискіге қолыңызды тигізбеңіз – күйіп қалуыңыз мүмкін!

### Доңғалақтарын алу және орнату.


Егер Сіздің велосипедіңіз доңғаласын жылдам орнату/алуға арналған эксцентрікті қысқыштармен жиынтықталған болса:

#### а) доңғалақтарды алу:

- тежегіш арқанды ажыратыңыз және тежегіш қалыпты доңғалақтан бұрып алыңыз.
- Эксцентрікті қысқыш көмегі арқылы эксцентрик иінірегін CLOSE (жабық) қалыбынан OPEN (Ашық) қалыбына ауыстырыңыз.
- Доңғалақтарды жерден 10-15 сантиметрге көтеріңіз және оны айыр көртпелерінен шығару үшін доңғалақтың жоғарғы бөлігінен қолыңызбен сәл ұрыңыз.

#### б) доңғалақтарды орнату:

- Эксцентрікті CLOSE (Жабық) қалыбына және OPEN (Ашық) қалыбына бұрыңыз және жоңғалақты бағыттаушы айырларға орналастырыңыз.
- Эксцентрікті CLOSE (Жабық) қалыбы және OPEN (Ашық) қалыбы арасындағы аралық қалыпқа келтіріңіз, қолыңызбен сомынды, қарама-қарсы эксцентрікті тірелгенге дейін тартыңыз. Қолыңыздың бас бармағымен эксцентрікті CLOSE (Жабық) қалыбына келтіріңіз. Айналыс соңында қозғалыс күш салу арқылы болуы керек.
- Эксцентрик иінірегін иініректің жиектеме конструкциясына және аспалы жабдыққа қажалмайтындай және иінірек бөтен заттрады доңғалақтардың айналыс бағытына қарай іліп әкетпейтіндейетіп, төлкенің сол жағынан орналастырыңыз.



16-сурет.



1. Экцентрикты қысқыш.
2. Сомын

Егер Сіздің велосипедіңіз эксцентриктер орнына доңғалақтардың осындағы сомындармен жинауымен болса, олар қажетті күшпен тартылғанына көзіңізді жеткізіңіз. Доңғалақтардың дұрыс орнатылғанына көзіңізді жеткізіңіз: алдыңғы доңғалақты жерден сәл көтеріңіз, оны сәл ұрып көріңіз. Доңғалақ бос болмауы, жан жақта шайқалып тұрмауы немесе тура ортасында орналаспаған болмауы керек. Артқы доңғалақ үшін де осыны қайталаңыз.

### Назар аударыңыз!

Доңғалақ сомындарының дұрыс тартылмауы ауыр жарақатқа және велосипедтің сынуына алып келуі мүмкін. Сондықтан, доңғалақ төлкелерін айыр кертпелеріне бекітетін сомындарды тартудың қажетті сәттерімен тарту керек.

### БҰРАНДАЛЫ ЖАЛҒАНУЛАРДЫ ТАРТУ СӘТТЕРІ

Тарту сәті – бұл конструкцияның геометриялық бүтіндігін қамтамасыз ету үшін бұрандалы беттері бар тетіктерге салынуы керек күш.

Тарту сәті арнайы динамометриялық құралмен өлшенеді. Негізгі бұрандалы жалғанулардың тартулары сәтінің мәні 1-кестеде келтірілген, ол велосипедті дұрыс және сенімді жинауға және реттеуге мүмкіндік береді. Бұл мәндерден асып кетуге болмайды, себебі, бұл әр түрлі компоненттердің бұзылуына әкелуі мүмкін.

1-кесте.

№№	Бұрандалы жалғанулар түрі	Тарту сәті, Нм
1	Күймеше айшанағы	48,6-69,9
2	Бұлғақтар; бонктар мен бұрандалар, бекіткіш жұлдызшалар	39,5-49,2
3	Тепкілер	35,0-41,5
4	Жылдамдықты арқы ауыстырып-қосқышты бекіткіш бұрандалары	7,9-9,6
5	Жылдамдықты алдыңғы ауыстырып-қосқышты бекіткіш бұрандалары	2,3
6	Арқанды бекіту бұрандасы (жылдамдықты ауыстырып-қосқыштарда)	3,6-5,9
7	Рульді бекіту бұрандалары: дәнекерленген шығарымдар үшін қалыпталған шығарымдар үшін	11,3-13,6 17,0-20,3
8	Рульді (мүйізді) ұзартқыш	9,6-14,1
9	Орындық астындағы қысқыш бұрандасы	9,6-14,1
10	Орындықты бекіту: - бір бұранда, 6 мм алтықырлы кілт - екі бұранда, 5 мм алтықырлы кілт - екі бұранда, 4 мм алтықырлы кілт - сомыны бар бір түйреуіш, 13 мм немесе 14 мм мүйізтәрізді кілт	17-28,3 9,6-14,1 5-6,8 20,3-24,9
11	Тежегіш қалыптарды бекітетін болттар	4,5-6,8
12	Тежегіштерді орнату бұрандалары	7,9-9,6

13	Осьтегі сомын: - алдыңғы доңғалақтың - артқы доңғалақтың	20,3-27,1 27,5-34,9
14	Құтыны ұстап тұратын бұранда, сорғының, артқы жүксалғыштың, доңғалақ қапқандарын, жарық техникасын және т.с.с. бекіткіші.	2,3-2,8

### КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Велосипед – төпкілер арқылы адамның бұлшықет күшімен қозғалысқа келетін екі доңғалақты құрал.

Біздің дүкенімізден велосипедті сатып ала отырып, Сіз кассалық чек, пайдалану нұсқаулығын және кепілдік қызмет шарттары мен мерзімі көрсетілетін, тиісті түрде толтырылған кепілдік талонын аласыз.

Кепілдік міндеттемелер Ресей Федерациясының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының ережелеріне және дайындаушы фирманың кепілдік міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Кепіл өнідірістік ақауларға және велосипед тораптары мен компоненттеріндегі зауыт жарамсыздығына жарамды болады.

### Кепіл шарттары

1. Велосипедке кепілді жөндеу жұмысы осы талонда көрсетілген кепілдік мерзімі аралығында жүзеге асырылады. Велосипедтер кепілді қызмет көрсетуге таза күйінде қабылданады.

2. Велосипедтегі жетіспеушіліктер анықталған жағдайда сатып алушы пайда болған ақаудан болатын қосымша шығынды максималды азайту немесе болдырмау үшін барлық шараны қолдану арқылы, жедел түрде оны пайдалануды тоқтатуы керек.

3. Кепілдік міндеттемелер таратылмайды:

- Апаттың немесе құлаудың салдарынан болған жиектеменің, айырлардың, доңғалақтардың және тағы басқаларының механикалық зақымдарына;
- Пайдалану ережелерін бұзу мен велосипедке тиісті күтім жасалмауы салдарынан велосипедтің қатардан шыққан тораптары мен тетіктеріне;
- Камералар мен доңғалақ тыстарының тесілуі, кесілуі, жарылуларына;
- Тетіктердің пайдаланудан қалыпты тозуы: тежегіш қалыптар мен арқандар, ауыстырып-қосу арқандары, тежегіштердің орамдары және т.с.с.;
- Велосипедті дұрыс жинау және/немесе реттеу салдарынан, сондай ақ, ұқыпсыз қарау, өзіндік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе өкілетті жоқ адамдардың жөндеу жұмыстарын жүргізуі, сонымен бірге дайындаушы кәсіпорын мақұлдамаған өзге өндірушілердің қосалқы бөлшектерін пайдаланудан болатын ақаулар;



- Бұрандалы жалғанулардың ажыраулары, доңғалақ құрсауының және жұлдызшалардың (тегершік)деформациясы;
- Артқы ауыстырып-қосқыштың доңғалақ сымдарына түсуі нәтижесінде, сымдарының сынуында;
- Велосипедті жарыстарда немесе басқа қатаң пайдалану жағдайында пайдалану;
- Пайдаланушының салмағы максималды рұқсат етілетін 110 кг асып кеткен жағдайда сынып қалу.
- 0-ден төмен температура кезіндегі қысқы уақытта немесе жаңбыр кезінде, сондай-ақ, компоненттерін суға немесе балшыққа батыру нәтижесінде пайда болған ақаулар;
- Велосипедті коммерциялық тұрғыда пайдалану.

Кепілдер велосипед иесін жүйелі тексеру қараулары мен қажетті ағымдық техникалық қызмет көрсетуді орындаудан босатпайды.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Сіздің велосипедіңіз секіруге, трюктерді орындауға, тік жартасты таулардан түсуге немесе тебудің басқа да экстремалды түрлеріне арналған. Велосипедті дұрыс пайдаланбағаннан болатын ақаулар велосипедті кепілді мерзімнен алып тастауға негіз болады.

**Кепіл және кепіл мерзімі бойынша келетін тетіктер:**

- велосипед жиектемесі – 6 ай.
- амортизациялық алдыңғы айыр – 6 ай.
- аспалы жабдық – 3 ай.
- мойынтіректер мен бұрандалы жалғанулар – 3 ай.

**Кепілдік мерзімі сатып алған сәттен бастап қолданылады.**

РФ 1998 жылдың 19 қаңтарындағы №55 «Тауарлардың жекелеген түрлерін сату ережелерін бекіту туралы» (06.02.2002 жылғы № 81, 12.07.2003 жылғы № 2421 редакцияда) үкімет қаулысына сәйкес, ұқсас тауарлар қайтарылмайды немесе алмастырылмайды: автомобильдер мен мотовелотауарлар, оларға тіркемелер мен нөмірлік агрегаттар; ауылшаруашылық жұмыстарының шағын механизациясының мобильді құрылғылары; серуен кемелері және басқа да тұрмыстағы тағайындалымдағы жүзу құралдары.

Тиісті сападағы тауарды сатып алынған күнін есептеместен, 14 күн аралығында, егер аталған тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, пломбасы, фабрикалық затбелгілері, сондай-ақ, тауарлық чегі немесе кассалық чегі сақталсақайтарып беруге болады.

Барлық кепілдік міндеттемелер авторландырылған сервистік орталықта сараптама ету бойынша ғана жүзеге асырылады. Бұйымды тасымалдаумен байланысты шығындарды жабу кепілдік міндеттемелерге кірмейді. Велосипед

таза қалыбында қабылданады. Көптірілген кепілдіктер сатылған сатылған күннен бастап күшіне өнеді және жиналған күйінде сараптама жүргізу үшін сатылған бұйымға қолданылады. Иесі сатылған күні, велосипедтің сериялық нөмірі, сатушының қолы мен мөртаңба басылған кассалық чекті көрсетуге міндетті.

Жоғарыда көптірілген құжаттардың біреуінің болмауы кепілді жоққа шығарады.

**Кепіл шарттарымен таныстым және келісемін.**

**Сатып алушы** \_\_\_\_\_

Атауы	<i>PHOENIX велосипеді</i>
Моделі	
Жиектемелің сериялық нөмірі №	
Сатып алынған күні	
Сатушының қолы	
Сатушының мері	

- Бұйым құрамы:
- велосипед – 1 дана.
  - пайдалану нұсқаулығы – 1 дана.
  - гофрокартоннан жасалған қаптау жөшігі – 1 дана.
- Дайындаушы: Shanghai Phoenix Imp. & Exp. Co., Ltd.